

Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау саласында мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2021 жылғы 5 ақпандағы № 7 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 12 ақпанда № 22199 болып тіркелді

З Қ А И - н ы ң е с к е р т п е с і !

Осы қаулының қолданысқа енгізілу тәртібін 4 т. қараңыз

Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау саласында мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің тізбесі бекітілсін.

2. Сақтандыру нарығы және актуарлық есеп айырысу департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Заң департаментімен бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;

3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы қаулының 2) тармақшасында көзделген іс-шараның орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Төрағасының жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Қаржы нарығын реттеу және
дамыту Агенттігінің Төрағасы

М. Абылкасымова

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Цифрлық даму, инновациялар
және аэроғарыш өнеркәсібі
министрлігі

Қазақстан Республикасының
Қаржы нарығын реттеу және
дамыту Агенттігінің
Басқармасының
2021 жылғы 5 ақпандағы
№ 7 Қаулыға
1- қосымша

Өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау саласында мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің тізбесі

1. "Актuariйлерді оқытудың ең қысқа міндетті бағдарламасын, халықаралық актуарийлер қауымдастықтарының тізбесін және оларға қойылатын талаптарды, Міндетті актуарлық қорытындының мазмұнына және табыс етілу тәртібіне қойылатын талаптарды, Актuariйдің біліктілігін растауға қойылатын талаптарды, Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының штатында тұрған актуарийдің қызметін тексеру үшін тәуелсіз актуарийді тарту, тәуелсіз актуарийдің сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының штатында тұрған актуарий жүргізген есептеулердің шынайылығын тексеру нәтижелерін жіберу қағидаларын және мерзімдерін, Сақтандыру нарығындағы актуарлық қызметті жүзеге асыру құқығына лицензия беру қағидаларын, Тестілеу өткізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 27 тамыздағы № 191 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17618 болып тіркелген, 2018 жылғы 7 қарашада Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Актuariйлерді оқытудың ең қысқа міндетті бағдарламасы:

мынадай мазмұндағы 2-тармақпен толықтырылсын:

"2. Осы сақтандыру ұйымдарына қатысты қолданылатын Актuariйлерді оқытудың ең қысқа міндетті бағдарламасының ережелері "Сақтандыру қызметі туралы" 2000 жылғы 18 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңында көзделген ерекшеліктерді ескере отырып, Қазақстан Республикасының аумағында ашылған Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру ұйымдарының филиалдарына қолданылады.";

көрсетілген қаулымен бекітілген Міндетті актуарлық қорытындының мазмұнына және табыс етілу тәртібіне қойылатын талаптарда:

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Актуарлық қорытындыға сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының "Сақтандыру қызметі туралы" 2000 жылғы 18 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 19-бабының 4-тармағына сәйкес алынған есептілігі және сақтандыру резервтерін есептеу үшін қажетті немесе сақтандыру резервтерін есептеу кезінде лицензияланған актуарий пайдаланған материалдар қоса беріледі.";

мынадай мазмұндағы 6-тармақпен толықтырылсын:

"6. Осы Талаптардың сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарына қатысты қолданылатын ережелері Заңда көзделген ерекшеліктер ескеріле отырып, Қазақстан Республикасының аумағында ашылған Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының филиалдарына қолданылады.";

көрсетілген қаулымен бекітілген Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының штатында тұрған актуарийдің қызметін тексеру үшін тәуелсіз актуарийді тарту, тәуелсіз актуарийдің сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының штатында тұрған актуарий жүргізген есептеулердің шынайылығын тексеру нәтижелерін жіберу қағидаларында және мерзімдерінде:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының штатында тұрған актуарийдің қызметін тексеру үшін тәуелсіз актуарийді тарту, тәуелсіз актуарийдің сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының штатында тұрған актуарий жүргізген есептеулердің шынайылығын тексеру нәтижелерін жіберу қағидалары және мерзімдері (бұдан әрі – Қағидалар) "Сақтандыру қызметі туралы" 2000 жылғы 18 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Заң) сәйкес әзірленді және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының штатында тұрған қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі – штаттағы актуарий) берген сақтандыру нарығында актуарлық қызметті жүзеге асыру құқығына лицензиясы бар актуарийдің қызметін тексеру үшін тәуелсіз актуарийді тарту тәртібі мен мерзімдерін белгілейді.";

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Штаттағы актуарийдің қызметін бастамашылық тексеру сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы акционерлерінің жалпы жиналысының, директорлар кеңесінің және (немесе) басқармасының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының уәкілетті органының бастамасы бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының филиалы және тәуелсіз

актуарий арасында жасалған тексеру жүргізуге арналған шартта көзделген тексерудің нақты міндеттерін, мерзімдері мен көлемдерін ескере отырып жүргізіледі."

2. "Бағалы қағаздар нарығында кәсіби қызмет түрлерін жүзеге асыруға лицензияларды беру, оларды тоқтата тұру және олардан айыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2020 жылғы 30 наурыздағы № 40 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20226 болып тіркелген, 2020 жылғы 6 сәуірде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Бағалы қағаздар нарығында кәсіби қызмет түрлерін жүзеге асыруға лицензияларды беру, оларды тоқтата тұру және олардан айыру қағидалары:

мынадай мазмұндағы 3-1-тармақпен толықтырылсын:

"3-1. Өтініш берушінің шет тілде берілетін құжаттары қазақ және (немесе) орыс тілдеріне аударылады және "Нотариат туралы" 1997 жылғы 14 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 80-бабына сәйкес нотариат куәландырған түрде уәкілетті органға беріледі.";

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Өтініш беруші уәкілетті органға Қағидаларға 1, 2-қосымшаларға сәйкес нысан бойынша лицензия беру туралы өтінішті (бұдан әрі – өтініш) "электрондық үкіметтің" www.egov.kz веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы электрондық түрде береді.

Мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттар, мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер, Мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып, қызмет көрсету процесінің сипаттамаларын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ өзге де мәліметтерді қамтитын "Бағалы қағаздар нарығында қызметті жүзеге асыруға лицензия беру" мемлекеттік қызметін (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі және мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес "Бағалы қағаздар нарығында қызметті жүзеге асыруға лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында (бұдан әрі – стандарт) жазылған.

Өтінішті портал арқылы жіберген кезде өтініш берушінің "Жеке кабинетінде" нәтижені алу күні мен уақыты көрсетіле отырып, мемлекеттік қызметті көрсетуге сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе автоматты түрде көрсетіледі.";

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Уәкілетті орган Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша лицензия береді және өзі берген лицензиялардың есебін жүргізеді.

Уәкілетті орган банкке, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкінің филиалына Қазақстан Республикасының банк заңнамасында көзделген банк және өзге де

операцияларды жүргізуге және бағалы қағаздар нарығында қызметті жүзеге асыруға лицензияны Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша береді.

Уәкілетті орган ислам банкіне, Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банкінің филиалына банктік және ислам банктері жүзеге асыратын өзге де операцияларды жүргізуге және бағалы қағаздар нарығында қызметті жүзеге асыруға лицензияны Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша береді.";

16-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"16. Лицензиялық алымды төлеу екінші деңгейдегі банктер, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктерінің филиалдары немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арқылы қолма-қол ақшамен немесе қолма-қол ақшасыз нысанда, сондай-ақ "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы қолма-қол ақшасыз нысанда жүзеге асырылады.";

19-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"19. Лицензиат лицензияның қолданылуын тоқтату, қызмет түрінің (шағын түрінің) атауын өзгерту және (немесе) қызмет түрін (шағын түрін) алып тастау туралы уәкілетті органға ерікті түрде өтініш берген кезде акционерлердің жалпы жиналысы шешімінің немесе Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкі шешімінің (егер лицензиат Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкінің филиалы болып табылса) шешімінің негізінде барлық қызмет түрі (шағын түрлері) (лицензияның қолданылуын тоқтату туралы уәкілетті органға ерікті түрде өтініш берген жағдайда) немесе өзгеріс енгізілуге және (немесе) алып тасталуға тиіс қызмет түрі (шағын түрі) бойынша барлық міндеттемелер орындалғаннан кейін күнтізбелік отыз күн ішінде уәкілетті органға ерікті түрде өтініш беруге байланысты лицензияның қолданылуын тоқтатуға, қызмет түрінің (шағын түрінің) атауын өзгертуге және (немесе) қызмет түрін (шағын түрін) алып тастауға уәкілетті органға өтініш береді.";

21-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"21. Лицензиаттың бірінші басшысы қол қойған, уәкілетті органға ерікті түрде өтініш беруге байланысты лицензияның қолданылуын тоқтатуға өтініш Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша уәкілетті органға мынадай құжаттармен қоса ұсынылады:

1) уәкілетті органға лицензияның қолданылуын тоқтату, қызмет түрінің (шағын түрінің) атауын өзгерту және (немесе) қызмет түрін (шағын түрін) алып тастау туралы ерікті түрде өтініш жасау туралы лицензиаттың акционерлері жалпы жиналысының шешімі не Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкінің (егер лицензиат Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкінің филиалы болып табылса) шешімі;

2) лицензиаттың барлық қызмет түрі (шағын түрлері) немесе өзгеріс енгізілуге және (немесе) алып тасталуға тиіс қызмет түрі (шағын түрі) бойынша міндеттемелердің және қолданыстағы шарттардың жоқ екендігі туралы кепілдеме-хаты;

3) "Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі" АҚ-тың орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде лицензиаттың жеке шотын және жеке шотындағы барлық қосалқы шоттарды жабу туралы хаты немесе "Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі" АҚ-тан лицензиаттың атына ашылған жеке шотқа "жоғалған клиент" мәртебесін беру туралы ақпарат;

4) "Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі" АҚ-тың депозитарлық қызмет көрсету шартын, ағымдағы шот шартын және факсимильді хабарлар түріндегі операциялық құжаттарды қабылдау және беру шартын бұзу туралы хаты (лицензияның қолданылуын тоқтату туралы уәкілетті органға ерікті түрде өтініш берген кезде);

5) барлық қызмет түрі (шағын түрлері) (лицензияның қолданылуын тоқтату туралы уәкілетті органға ерікті түрде өтініш берген кезде) немесе өзгеріс енгізілуге және (немесе) алып тасталуға тиіс қызмет түрі (шағын түрі) бойынша "Қазақстан қор биржасы" АҚ-тың алдында берешектің жоқ екені туралы "Қазақстан қор биржасы" АҚ-тың хаты;

б) өтініш жіберген күннің алдындағы күні жасалған бухгалтерлік баланс және оған түсіндірме жазба. Бухгалтерлік балансқа түсіндірме жазбада кредиторлық берешек сомаларын және олардың туындау негіздерін көрсете отырып, лицензиаттың кредиторлары туралы (олар болса) ақпарат ашып көрсетіледі.

Осы тармақтың 3), 4) және 5) тармақшалары трансфер-агент қызметін жүзеге асыратын лицензиатқа қолданылмайды.

Қызмет түрінің (шағын түрінің) атауын өзгерткен кезде лицензиат Қағидаларға 3-қосымшаның 8-тармағы бірінші бөлігінің 8) және 12) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды қосымша береді.

Ерікті зейнетақы жарналарын тарту құқығымен инвестициялық портфельді басқару бойынша қызметтің шағын түрі алып тасталған не ерікті зейнетақы жарналарын тарту құқығымен инвестициялық портфельді басқару бойынша қызметтің шағын түрінің атауы ерікті зейнетақы жарналарын тарту құқығынсыз инвестициялық портфельді басқару бойынша қызметтің шағын түріне өзгерген жағдайда ерікті жинақтаушы зейнетақы қоры уәкілетті органға осы тармақта көзделген құжаттармен бірге ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының, бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының, бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының кастодиан банкінің, ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының кастодиан банкінің және ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының инвестициялық портфелін басқарушының (ондай бар болса) бірінші басшылары немесе олардың орнындағы адамдар қол қойған ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттар бойынша ерікті зейнетақы жарналары есебінен бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына зейнетақы активтері мен міндеттемелерін қабылдау-өткізу актісін ұсынады.

Ерікті жинақтаушы зейнетақы қоры уәкілетті органға қызметтің шағын түрін алып тастауға немесе өзгертуге өтініш берген күнге дейін атауынан "ерікті жинақтаушы

зейнетақы қоры" деген сөздерді және (немесе) "ЕЖЗҚ" деген аббревиатураларды алып тастау бөлігінде мемлекеттік қайта тіркеуді, сондай-ақ зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттар бойынша ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақы активтері мен міндеттемелерін бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына аударуды Зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңның 47 және 49-баптарында көзделген тәртіппен және талаптармен жүзеге асырады.

Ерікті зейнетақы жарналарын тарту құқығымен инвестициялық портфельді басқаруға лицензияның қолданылуын тоқтату туралы уәкілетті органға ерікті түрде өтініш жасау Зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңның 49-бабында көзделген тәртіппен және талаптармен жүзеге асырылады.";

30-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"30. Егер лицензия қағаздағы нысанда берілсе, лицензиат уәкілетті органның қызметтің барлық немесе жекелеген түрлері (шағын түрлері) бойынша лицензиядан айыру туралы шешімін алғаннан кейін 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей лицензиат уәкілетті органға лицензияның түпнұсқасын қайтарады.

Уәкілетті органның қызметтің барлық немесе жекелеген түрлері (шағын түрлері) бойынша лицензиядан айыру туралы шешімін алған күннен бастап күнтізбелік 120 (бір жүз жиырма) күн ішінде оған қатысты осы шешім қабылданған тұлға қызметтің барлық түрлері немесе өзі лицензиядан айырылған қызметтің түрлері (шағын түрлері) бойынша шарттардың барлық міндеттемелерін орындайды және уәкілетті органға Қағидалардың 21-тармағының 3), 4), 5) және 6) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды ұсынады."

2 және 3-қосымшалар осы Өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау саласында мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің тізбесіне (бұдан әрі – Тізбе) 1 және 2-қосымшаларға сәйкес редакцияда жазылсын;

Тізбеге 3 және 4-қосымшаларға сәйкес редакциядағы 9 және 10- қосымшалармен толықтырылсын.

3. "Мінсіз іскерлік беделінің болмауы өлшемшарттарын қоса алғанда, қаржы ұйымдарының, банк, сақтандыру холдингтерінің, "Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры" акционерлік қоғамының басшы қызметкерлерін тағайындауға (сайлауға) келісім беру қағидаларын және келісім алу үшін қажетті құжаттар тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2020 жылғы 30 наурыздағы № 43 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20248 болып тіркелген, 2020 жылғы 7 сәуірде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктері филиалдарының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокерлері филиалдарының басшы қызметкерлеріне қойылатын талаптарды, мінсіз іскерлік беделінің болмауы өлшемшарттарын қоса алғанда, қаржы ұйымдарының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктері филиалдарының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокерлері филиалдарының банк, сақтандыру холдингтерінің, "Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры" акционерлік қоғамының басшы қызметкерлерін тағайындауға (сайлауға) келісім беру қағидаларын және келісім алу үшін қажетті құжаттар тізбесін бекіту туралы";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктері филиалдарының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокерлері филиалдарының басшы қызметкерлеріне қойылатын талаптарды, мінсіз іскерлік беделінің болмауы өлшемшарттарын қоса алғанда, қаржы ұйымдарының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктері филиалдарының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокерлері филиалдарының банк, сақтандыру холдингтерінің, "Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры" акционерлік қоғамының басшы қызметкерлерін тағайындауға (сайлауға) келісім беру қағидалары және келісім алу үшін қажетті құжаттар тізбесі бекітілсін.";

көрсетілген қаулымен бекітілген Мінсіз іскерлік беделінің болмауы өлшемшарттарын қоса алғанда, қаржы ұйымдарының, банк, сақтандыру холдингтерінің, "Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры" акционерлік қоғамының басшы қызметкерлерін тағайындауға (сайлауға) келісім беру қағидаларында және келісім алу үшін қажетті құжаттар тізбесінде:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктері филиалдарының, Қазақстан Республикасы сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының, Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру брокерлері филиалдарының басшы қызметкерлеріне қойылатын талаптарды, мінсіз іскерлік беделінің болмауы өлшемшарттарын қоса алғанда, қаржы ұйымдарының, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктері филиалдарының, Қазақстан Республикасы сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының, Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру брокерлері филиалдарының, банк, сақтандыру холдингтерінің, "Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры" акционерлік қоғамының басшы

қызметкерлерін тағайындауға (сайлауға) келісім беру қағидалары және келісім алу үшін қажетті құжаттар тізбесі";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктері филиалдарының, Қазақстан Республикасы сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының, Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру брокерлері филиалдарының басшы қызметкерлеріне қойылатын талаптарды, мінсіз іскерлік беделінің болмауы өлшемшарттарын қоса алғанда, қаржы ұйымдарының, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктері филиалдарының, Қазақстан Республикасы сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының, Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру брокерлері филиалдарының, банк, сақтандыру холдингтерінің, "Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры" акционерлік қоғамының басшы қызметкерлерін тағайындауға (сайлауға) келісім беру қағидалары және келісім алу үшін қажетті құжаттар тізбесі (бұдан әрі - Қағидалар), "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" 1995 жылғы 31 тамыздағы (бұдан әрі - Банктер туралы заң), "Сақтандыру қызметі туралы" 2000 жылғы 18 желтоқсандағы (бұдан әрі - Сақтандыру қызметі туралы заң), "Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры туралы" 2003 жылғы 3 маусымдағы (бұдан әрі - Кепілдік беру қоры туралы заң), "Бағалы қағаздар рыногы туралы" 2003 жылғы 2 шілдедегі (бұдан әрі - Бағалы қағаздар рыногы туралы заң), "Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы" 2003 жылғы 4 шілдедегі (бұдан әрі - Мемлекеттік реттеу туралы заң), "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі (бұдан әрі - Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы заң), "Қазақстан Республикасындағы зейнетақымен қамсыздандыру туралы" 2013 жылғы 21 маусымдағы (бұдан әрі - Зейнетақымен қамсыздандыру туралы заң) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес әзірленді.

Қағидалар қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау мен қадағалау жөніндегі уәкілетті органның Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктері филиалдарының, Қазақстан Республикасы сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының, Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру брокерлері филиалдарының басшы қызметкерлеріне қойылатын талаптарды, мінсіз іскерлік беделінің болмауы өлшемшарттарын қоса алғанда, банктердің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының, сақтандыру брокерлерінің, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктері филиалдарының, Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының, Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру брокерлері филиалдарының, бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының, ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларының, бағалы қағаздар нарығында қызметті жүзеге асыру үшін лицензия алуға үміттенген немесе лицензиялары бар заңды тұлғалардың, орталық депозитарийдің және бірыңғай

оператордың, банк, сақтандыру холдингтерінің, "Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры" акционерлік қоғамының басшы қызметкерлерін тағайындауға (сайлауға) келісім беру тәртібін және келісім алу үшін қажетті құжаттар тізбесін айқындайды.";

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Қағидаларда пайдаланылатын ұғымдар Банктер туралы заңда, Сақтандыру қызметі туралы заңда, "Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы" 2003 жылғы 7 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңында, Кепілдік беру қоры туралы заңда, Бағалы қағаздар нарығы туралы заңда, Мемлекеттік реттеу туралы заңда, Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы заңда және Зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңда көрсетілген мағыналарда қолданылады.

Қағидаларда мынадай қысқартулар қолданылады:

1) жауапты бөлімше – қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау мен қадағалау жөніндегі уәкілетті органның мемлекеттік қызмет көрсетуге жауапты бөлімшесі;

2) көрсетілетін қызметті алушы - банктер, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары, сақтандыру брокерлері, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктерінің филиалдары, Қазақстан Республикасы сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының филиалдары, Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру брокерлерінің филиалдары, бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры, ерікті жинақтаушы зейнетақы қорлары, бағалы қағаздар нарығында қызметті жүзеге асыруға лицензия алуға үміттенген немесе лицензиялары бар заңды тұлғалар, орталық депозитарий және бірыңғай оператор, банк, сақтандыру холдингтері, "Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры" акционерлік қоғамы;

3) қаржы ұйымы - банктер, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары, сақтандыру брокерлері, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктерінің филиалдары, Қазақстан Республикасы сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының филиалдары, Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру брокерлерінің филиалдары, бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры, ерікті жинақтаушы зейнетақы қорлары, бағалы қағаздар нарығында қызметті жүзеге асыруға лицензия алуға үміттенген немесе лицензиялары бар заңды тұлғалар, орталық депозитарий және бірыңғай оператор;"

4) Қор – "Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры" акционерлік қоғамы";

5) мемлекеттік көрсетілетін қызмет – "Қаржы ұйымдарының, банк, сақтандыру холдингтерінің, акционерлік қоғамның басшы қызметкерлерін тағайындауға (сайлауға) келісім беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметі";

6) оператор – "Электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының операторы";

7) өтінішхат – қаржы ұйымдарының, холдингтердің және Қордың басшы қызметкерлерін тағайындауға (сайлауға) келісім беру туралы өтінішхат;

8) портал – www.egov.kz "электрондық үкіметтің" веб-порталы;

9) уәкілетті орган, көрсетілетін қызметті беруші – қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау мен қадағалау жөніндегі уәкілетті орган;

10) холдинг – банктік, сақтандыру холдингтері;

11) ЭЦҚ – электрондық цифрлық қолтаңба.";

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Банктер туралы заңның 20-бабы 3-тармағы 3) тармақшасының, Сақтандыру қызметі туралы заңның 34-бабы 3-тармағы 3) тармақшасының, Кепілдік беру қоры туралы заңның 4-1-бабы 2-тармағы 3) тармақшасының, Бағалы қағаздар нарығы туралы заңның 54-бабы 2-тармағы 3) тармақшасының, Зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңның 55-бабы 2-тармағы 3) тармақшасының және Қағидалардың 4-1-тармағының 3) тармақшасының мақсаты үшін мыналар мінсіз іскерлік беделінің болмауы өлшемшарттары болып табылады:

1) алынбаған немесе өтелмеген соттылығының болуы, оның ішінде қаржы ұйымының, холдингтің басшы қызметкері лауазымын атқару құқығынан айыру түріндегі қылмыстық жазаны қолдану туралы заңды күшіне енген сот шешімінің болуы және өмір бойы қаржы ұйымының ірі қатысушысы (ірі акционері) болып табылуы;

2) кандидаттың қаржы ұйымын, банк конгломератын, сақтандыру тобын қосымша капиталдандыру бойынша уәкілетті органның қабылдаған міндеттемелерін не талаптарын орындамаған қаржы ұйымының ірі қатысушысы (тікелей немесе жанама) екендігі туралы мәліметтердің болуы;

3) кандидаттың Қазақстан Республикасының бейрезидент-қаржы ұйымының төлем қабілетсіздігіне жеткізгенге дейін 1 (бір) жылдан аспайтын кезеңде Қазақстан Республикасының бейрезидент-қаржы ұйымында акционер (қатысушы), лауазымды адам, басқару функцияларын орындайтын адам болып табылғаны туралы мәліметтердің болуы;

4) Мемлекеттік реттеу туралы заңның 13-5-бабына сәйкес құрылған дәлелді пайымдау негізінде анықталған мінсіз іскерлік беделдің болмауы.";

мынадай мазмұндағы 4-1-тармақшамен толықтырылсын:

"4-1. Мыналар:

1) жоғары білімі бар;

2) тізбесі Қағидалардың 8-тармағанда белгіленген халықаралық қаржы ұйымдарында еңбек өтілі және (немесе) қаржылық көрсетілетін қызметтерді және (немесе) қаржы ұйымдарының аудитін жүргізу жөніндегі көрсетілетін қызметтерді ұсыну және (немесе) реттеу саласындағы еңбек өтілі бар:

Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкі филиалының, Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының басшысы, бас бухгалтері, Қазақстан Республикасы бейрезидент- сақтандыру брокері филиалының басшысы лауазымдарына кандидаттар үшін кемінде үш жыл;

Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкi филиалы, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалы басшысының орынбасары, бас бухгалтері және , Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру брокері филиалы басшысының орынбасары лауазымдарына кандидаттар үшін кемінде екі жыл;

Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкi филиалының, Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының құрылымдық бөлімшелерінің қызметін үйлестіретін және (немесе) бақылауды жүзеге асыратын және банк операциялары жүргізілетін құжаттарға қол қою құқығы бар Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкi филиалының, Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының басқа басшыларының лауазымдарына кандидаттар үшін сақтандыру қызметінде кем дегенде бір жыл;

3) мінсіз іскерлік беделі бар;

4) бұрын басқару органының басшысы, мүшесі, атқарушы органның басшысы, мүшесі, қаржы ұйымының бас бухгалтері, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкi филиалының, Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының, Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру брокері филиалының басшысы, басшысының орынбасары және бас бухгалтері, ірі қатысушы-жеке тұлға, қаржы ұйымының ірі қатысушы-заңды тұлғаның (сақтандыру холдингінің) басшысы болмаған – уәкілетті орган банкті, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкiнің филиалын төлемге қабілетсіз банктер, Қазақстан Республикасы бейрезидент- банктерінің филиалдары санатына жатқызу туралы, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын консервациялау не оның акцияларын мәжбүрлеп сатып алу, қаржы ұйымын, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкiнің филиалын, Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының филиалын, Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру брокерінің филиалын лицензиядан айыру туралы шешім қабылдағанға дейін бір жылдан аспайтын не Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қаржы ұйымын мәжбүрлеп тарату немесе оны банкрот деп тану туралы сот шешімі заңды күшіне енгенде не Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкi филиалының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының қызметін мәжбүрлеп тоқтату туралы сот шешімі заңды күшіне енгенде не қаржы нарығындағы қызметті жүзеге асыруды таратуға және (немесе) тоқтатуға әкеліп соққан бұзушылықтар немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкi филиалының, Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының, Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру брокерлері филиалдарының басшы қызметкерлері болып тағайындала алмайды.

Көрсетілген талап уәкілетті орган қаржы ұйымын таратуға және (немесе) оның қаржы нарығында қызметті жүзеге асыруын тоқтатуға алып келген банкті, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкінің филиалын төлем жасауға қабілетсіз банктер, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктерінің филиалдары санатына жатқызу туралы, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын консервациялау не оның акцияларын мәжбүрлеп иелену, қаржы ұйымын, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкінің филиалын, Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының филиалын, Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру брокерінің филиалын лицензиядан айыру туралы шешім қабылдағаннан кейін бес жыл, не Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қаржы ұйымын мәжбүрлеп тарату немесе оны банкрот деп тану туралы сот шешімі заңды күшіне енсе, не Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкі филиалының, Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының қызметін мәжбүрлеп тоқтату туралы сот шешімі заңды күшіне енген жағдайда қолданылады;

5) қаржы ұйымында, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкінің осы және (немесе) өзге филиалында, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының филиалында, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокерінің филиалында басшы қызметкер лауазымына тағайындауға (сайлауға) келісімі кері қайтарып алынбаған. Көрсетілген талап уәкілетті орган басшы қызметкер лауазымына тағайындауға (сайлауға) келісімді кері қайтарып алу туралы шешім қабылдағаннан кейін қатарынан соңғы он екі ай ішінде қолданылады

6) сыбайлас жемқорлық қылмыс жасамаған не тағайындау күніне дейін үш жыл ішінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны үшін тәртіптік жауапкершілікке тартылмаған;

7) бұрын қаржы ұйымының басшысы, директорлар кеңесінің мүшесі, басшысы, басқарма мүшесі, бас бухгалтері, ірі қатысушы (ірі акционер) – жеке тұлға, директорлар кеңесінің басшысы, мүшесі, атқарушы органның басшысы, мүшесі, шығарылған эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша купондық сыйақыны төлеу бойынша төлем күніне республикалық бюджет туралы заңда белгіленген айлық есептік көрсеткіштен төрт және одан да көп кезең ішінде дефолтқа жол берген не дефолтқа жол берілген шығарылған эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша купондық сыйақыны төлеу бойынша берешегінің сомасы купондық сыйақының төрт еселенген және (немесе) одан көп мөлшерін құрайтын не шығарылған эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша негізгі борышты төлеу бойынша дефолт мөлшері төлем күніне республикалық бюджет туралы заңда белгіленген айлық есептік көрсеткіштен он мың есе асатын соманы құрайтын ірі қатысушы (ірі акционер) – заңды тұлға-эмитенттің бас бухгалтері болмаған";

5- тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Уәкілетті органмен келісілуге тиіс қаржы ұйымдарының, холдингтердің, Қордың басшы қызметкерлерінің тізбесі Банктер туралы заңның 20-бабының 1, 1-1 және 14-тармақтарында, Сақтандыру қызметі туралы заңның 34-бабының 1, 1-1 және 14-тармақтарында, Кепілдік беру қоры туралы заңның 4-1-бабының 1-тармағында, Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 45-бабының 11-тармағында, 54-бабының 1-тармағында және 79-бабының 1-1-тармағында, Зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңның 55-бабының 1-тармағында көзделген.";

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Қаржы ұйымдары, холдингтер, Қор басшы қызметкерлер құрамында болған өзгерістер туралы оларды тағайындаған (сайлаған), басқа лауазымға ауыстырған немесе жұмыстан босатылған (өкілеттігін тоқтатқан) күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде уәкілетті органды хабардар етеді. Басшы қызметкерлер құрамының өзгеруі туралы мәліметтер растайтын құжаттардың көшірмелерін қоса бере отырып, Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жіберіледі.

Егер осы тармақтың бірінші бөлігіне сәйкес қоса берілетін растаушы құжаттардың көшірмелерінде басшы қызметкерлерді тағайындау (сайлау), басқа лауазымға ауыстыру немесе жұмыстан босату (өкілеттіктерін тоқтату) күні болмаса, онда басшы қызметкерді тағайындау (сайлау), басқа лауазымға ауыстыру немесе жұмыстан босату (өкілеттіктерін тоқтату) күні қаржы ұйымының, холдингтің, Қордың, бейрезидент-банктің, бейрезидент -сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, бейрезидент-сақтандыру брокерінің уәкілетті органының шешім (бұйрық) қабылдау немесе шешімде (бұйрықта) көрсетілген оқиға басталған күн болып саналады.";

Шешімде (бұйрықта) көрсетілген оқиға басталған жағдайда, қаржы ұйымы, холдинг , Қор растайтын құжаттардың көшірмелерін ұсынады.

Қаржы ұйымының, холдингтің, Қордың уәкілетті органының шешімінен үзінді-көшірме мынадай мәліметтерді қамтиды:

қаржы ұйымының, холдингтің, Қордың толық атауы және қаржы ұйымының, холдингтің, Қордың атқарушы органының орналасқан жері;

акционерлердің жалпы жиналысын (басқару органының отырысын) өткізу күні, уақыты және орны);

отырысқа қатысқан адамдар туралы мәліметтер (басқару органының отырысы үшін) ;

акционерлердің жалпы жиналысының кворумы (басқару органының отырысы);

басқарушы қызметкерді тағайындау (сайлау), басқа лауазымға ауыстыру немесе жұмыстан шығару (өкілеттіктерін тоқтату) туралы мәселе бөлігінде акционерлердің жалпы жиналысы отырысының (басқару органы отырысының) күн тәртібі;

дауыс беруге қойылған мәселелер, басшы қызметкерді тағайындау (сайлау), басқа лауазымға ауыстыру немесе жұмыстан шығару (өкілеттіктерін тоқтату) бөлігінде олар бойынша дауыс беру қорытындылары;

басшы қызметкерді тағайындау (сайлау), басқа лауазымға ауыстыру немесе жұмыстан шығару (өкілеттігін тоқтату) бөлігінде қабылданған шешімдер.

Қаржы ұйымының, холдингтің, Қордың уәкілетті органының шешімінен үзінді-көшірме осы құжатқа қол қоюға уәкілетті қызметкердің (қызметкерлердің) қолымен расталады және үзіндінің дұрыстығы көрсетіледі.";

11-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"11. Қолдаухат еркін нысанда, ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісімді көрсетумен, кандидаттың қаржы ұйымының, холдингтің, Қордың басшы қызметкерлеріне қойылатын талаптарға сәйкестігін растай отырып және кандидат туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті алушының құжатпен тексергені туралы:

көрсетілетін қызметті алушының басқару органы басшының, ал ол болмаған жағдайда басқару органының шешімі бойынша (басқару органының осы шешімінің көшірмесін ұсына отырып) басқару органы мүшелерінің бірінің, басқару органының басшысы мен мүшелері болмаған жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы акционерлерінің бірінің, атқарушы органның басшысын (атқарушы органның функцияларын жеке-дара жүзеге асыратын тұлғаны), атқарушы органның басшысы болып табылатын басқару органының мүшесін тағайындаған (сайлаған) кезде — осы құжатқа қол қоюға уәкілетті қаржы ұйымына, холдингке (қаржы ұйымы, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған Холдинг үшін) қатысушылардың бірінің;

басқа жағдайларда — көрсетілетін қызметті алушының (атқарушы органның функцияларын жеке-дара жүзеге асыратын тұлғаның) не оның міндетін атқарушы тұлғаның (міндеттерді орындауды жүктеу туралы шешімнің көшірмесін ұсына отырып) атқарушы органның;

Қазақстан Республикасының бейрезидент- банкі филиалының не оның міндетін атқарушы тұлғаның (міндеттерді орындауды жүктеу туралы шешімнің көшірмесін ұсына отырып) ЭЦҚ-мен куәландырылады.

Қазақстан Республикасының бейрезидент- банкі филиалының басшысына қатысты қолдаухатқа Қазақстан Республикасының бейрезидент- банкі осы құжатқа қол қоюға уәкілеттік берген тұлға қол қояды (растайтын құжаттың көшірмесін қоса бере отырып).
"

13-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"13. Шет мемлекеттердің құзыретті органдары немесе лауазымды адамдары берген құжаттар Қазақстан Республикасы заңнамасының немесе Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттардың талаптарына сәйкес заңдастырылуға немесе апостильденуге жатады (Қазақстан Республикасының бейрезидент-жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжаттарды қоспағанда).

Шет тілде ұсынылған құжаттар қазақ және орыс тілдеріне аударылады және Қазақстан Республикасының нотариат туралы заңнамасына сәйкес нотариалды куәландырылуға жатады.";

21-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"21. Кандидатты тестілеуден өту үшін шақырусыз келісу туралы мәселені қарау кезінде ұсынылған құжаттардың негізінде мыналар ескеріледі:

1) кандидат бұрын қаржы нарығының осы секторында, Қорда тиісті лауазымдарға уәкілетті органмен келісілген бе;

2) кандидат бұрын қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеуді, бақылауды және (немесе) қадағалауды жүзеге асыратын мемлекеттік органның дербес құрылымдық бөлімшесінің (департаментінің, басқармасының) басқарма мүшесі, бірінші басшысы немесе бірінші басшының орынбасары, басшысы (басшының орынбасары), сондай-ақ қаржы ұйымдарының аудитін жүргізу бойынша көрсетілетін қызметтерді реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік органның бірінші басшысы (бірінші басшының орынбасары) болған ба;

3) кандидат бұрын басқарма мүшесі, бірінші басшы немесе бірінші басшының орынбасары, мемлекеттік органның жауапты хатшысы болған ба;

4) атқарушы органның басшысы (атқарушы органның функцияларын жеке-дара жүзеге асыратын тұлға), Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкі филиалының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының, Қазақстан Республикасының бейрезидент - сақтандыру брокері филиалының басшысы лауазымына кандидатта кемінде 3 (үш) жыл:

қаржы институттарын тікелей тексерген аудитор;

қаржы нарығының сол саласында, Қағидалардың 8-тармағында көрсетілген Қор және (немесе) халықаралық қаржы ұйымдарының бірінде:

басқару органының басшысы, мүшесі;

қаржы қызметтерін көрсетуге байланысты мәселелерге жауапты атқарушы органның басшысы, мүшесі;

бас бухгалтері;

қызметі қаржы қызметтерін көрсетумен байланысты болатын тәуелсіз құрылымдық бөлімшенің (департаменттің, басқарманың, филиалдың) басшысы еңбек өтілінің болуы;

5) басқару органы басшысының лауазымына кандидатта кемінде 2 (екі) жыл:

қаржы ұйымдарын тікелей тексерген аудитор;

қаржы нарығында, Қағидалардың 8-тармағында көрсетілген Қор және (немесе) халықаралық қаржы ұйымдарының бірінде:

басқару органының басшысы, мүшесі;

атқарушы органның басшысы, мүшесі (қаржы қызметтерін көрсетуге байланысты мәселелерге жетекшілік ететін);

бас бухгалтері еңбек өтілінің болуы;

6) басқару органының басшысы және бас қаржы ұйымының атқарушы органының мүшесі болып табылатын басқару органының мүшесі лауазымына кандидатта кемінде үш (3) жыл:

қаржы ұйымдарын тікелей тексерген аудитор;

қаржы нарығында, Қағидалардың 8-тармағында көрсетілген Қор және (немесе) халықаралық қаржы ұйымдарының бірінде:

басқару органының басшысы, мүшесі;

атқарушы органның басшысы, мүшесі (қаржы қызметтерін көрсетуге байланысты мәселелерге жетекшілік ететін);

бас бухгалтері еңбек өтілінің болуы;

7) сақтандыру брокері, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкiнiң филиалы, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының филиалы, Қазақстан Республикасының бейрезидент- сақтандыру брокерiнiң филиалы басшысының орынбасары, атқарушы орган мүшесi лауазымдарына кандидаттың қаржы ұйымындағы, холдингтегi, Қордағы тек қана қауiпсiздiк мәселелерiне және әкiмшiлiк-шаруашылық мәселелерiне жетекшiлiк етуi;

8) сақтандыру брокері, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкiнiң филиалы, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының филиалы, Қазақстан Республикасының бейрезидент- сақтандыру брокерiнiң филиалы басшысының орынбасары, атқарушы орган мүшесi лауазымдарына кандидатта кемінде 2 (екi) жыл:

қаржы ұйымдарының аудитiн тiкелей жүзеге асырған аудитор;

қаржы нарығының осы секторында, Қорда және (немесе) Қағидалардың 8-тармағында көрсетiлген халықаралық қаржы ұйымдарының бiрiнде:

басқару органының басшысы, мүшесі;

қаржы қызметтерiн көрсетуге байланысты мәселелерге жетекшiлiк еткен атқарушы органның басшысы, мүшесi;

бас бухгалтер немесе бас бухгалтердiң орынбасары;

қызметi қаржылық қызметтер көрсетумен байланысты болған дербес құрылымдық бөлiмшенiң (департаменттiң, басқарманың, филиалдың) басшысы (басшының орынбасары), қаржылық көрсетiлетiн қызметтермен байланысты мәселелерге жетекшiлiк еткен қаржылық және (немесе) басқарушы директор, атқарушы директор еңбек өтiлiнiң болуы;

9) бас бухгалтердiң лауазымына кандидатты келiсу;

10) қаржы нарығының осы секторында, Қорда қаржы ұйымының басшы қызметкерi лауазымына кандидатты келiсу кезiнде уәкiлеттi органда тестiлеудiң оң нәтижелерiнiң болуы.

Осы тармақшаның мақсаты үшін тестiлеудiң оң нәтижелерi есептелетiн мерзiм кандидат уәкiлеттi органда тестiлеуден өткен күннен бастап 6 (алты) айды құрайды;

11) басқа басшы қызметкердің лауазымына кандидатта кемінде 1 (бір) жыл:

қаржы ұйымдарының аудитін тікелей жүзеге асырған аудитор;

қаржы нарығының осы секторында және (немесе) Қағидалардың 8-тармағында көрсетілген халықаралық қаржы ұйымдарының бірінде:

басқару органының басшысы, мүшесі;

қаржы қызметтерін көрсетуге байланысты мәселелерге жетекшілік еткен атқарушы органның басшысы, мүшесі;

бас бухгалтер немесе бас бухгалтердің орынбасары;

қызметі қаржылық қызметтер көрсетумен байланысты болған дербес құрылымдық бөлімшенің (департаменттің, басқарманың, филиалдың) басшысы (басшының орынбасары), қаржылық көрсетілетін қызметтермен байланысты мәселелерге жетекшілік еткен қаржылық және (немесе) басқарушы директор, атқарушы директор еңбек өтілінің болуы;

12) басқару органы мүшесінің лауазымына кандидатты келісу.";

1-қосымшаның жоғарғы оң жақ бұрышындағы мәтін мынадай редакцияда жазылсын:

Қазақстан Республикасының
бейрезидент-банктері
филиалдарының,
Қазақстан Республикасының
бейрезидент-сақтандыру
(қайта сақтандыру) ұйымдары
филиалдарының,
Қазақстан Республикасының
бейрезидент-сақтандыру
брокерлері филиалдарының
басшы қызметкерлеріне
қойылатын талаптарды, мінсіз
іскерлік беделінің болмауы
өлшемшарттарын және келісім
алу үшін қажетті құжаттар
тізбесін қоса алғанда, қаржы
ұйымдарының,
Қазақстан Республикасының
бейрезидент-банктері
филиалдарының,
Қазақстан Республикасының
бейрезидент-сақтандыру
(қайта сақтандыру) ұйымдары
филиалдарының,
Қазақстан Республикасының
бейрезидент- сақтандыру
брокерлері филиалдарының,
банктік, сақтандыру
холдингтерінің, "Сақтандыру
төлемдеріне кепілдік беру қоры"
акционерлік қоғамының басшы
қызметкерлерін тағайындауға

(сайлауға) келісім беру
қағидаларына
1-қосымша
Нысан";

2, 3 және 4-қосымшалар тізбеге 5, 6 және 7-қосымшаларға сәйкес редакцияда жазылсын.

Өзгерістер мен толықтырулар
енгізілетін қаржы нарығы мен
қаржы ұйымдарын мемлекеттік
реттеу, бақылау және қадағалау
саласында мемлекеттік
қызметтер көрсету мәселелері
бойынша

Қазақстан Республикасының
нормативтік құқықтық
актілерінің тізбесіне
1-қосымша

Бағалы қағаздар нарығында
кәсіби қызмет түрлерін жүзеге
асыруға лицензияларды беру,
оларды тоқтата тұру және
олардан айыру қағидаларына
2-қосымша

Нысан
(уәкілетті органның толық
атауы)

(банкiн, Қазақстан
Республикасының бейрезидент-
банкi филиалының, ислам
банкiнiң,
Қазақстан Республикасының
бейрезидент-ислам банкi
филиалының атауы)

Бағалы қағаздар нарығында қызметті жүзеге асыруға лицензия беру туралы өтініш

бағалы қағаздар нарығында қызметті жүзеге асыруға лицензия беруіңізді сұраймын.

Банк, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкi филиалы, ислам банкi, Қазақстан Республикасының бейрезидент-ислам банкi филиалы туралы мәліметтер:

1. Атауы, орналасқан жері және нақты мекенжайы:

(индекс, облыс, қала, аудан, көше, үйдің, офистің нөмірі,

телефон нөмірі, факс нөмірі, электрондық пошта мекенжайы, интернет-ресурс)

2. Бірінші рет алынған лицензия туралы деректер:

Қазақстан Республикасының банк заңнамасында көзделген банк операцияларын және өзге де операцияларды жүргізуге:

(нөмірі, күні, лицензия берген мемлекеттік органның атауы)

Қазақстан Республикасының банк заңнамасында көзделген банк операцияларын және өзге де операцияларды жүргізуге және бағалы қағаздар нарығында қызметті жүзеге асыруға

(нөмірі, күні, лицензия берген мемлекеттік органның атауы)

3. Жіберілген құжаттардың тізбесі, олардың әрқайсысы бойынша даналары мен парақтарының саны:

Банк, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкiнiң филиалы, ислам банкi, Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банкiнiң филиалы өтiнiшке қоса берiлген құжаттардың (ақпараттың) дәйектiлiгiн, сондай-ақ өтiнiштi қарауға байланысты сұратылатын қосымша ақпаратты және құжаттарды уәкiлеттi органға уақытылы берiлуiн растайды.

Банк, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкiнiң филиалы, ислам банкi, Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банкiнiң филиалы ақпараттық жүйелердегi заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәлiметтердi пайдалануға келiсiм бередi.

Банктiң, ислам банкiнiң атқарушы органы басшысының, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкiнiң филиалы, Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банкiнiң филиалы басшысының не өтiнiштi беруге уәкiлеттi адамның тегi, аты, әкесiнiң аты (ол бар болса).

(күні)

Өзгерістер мен толықтырулар
енгізілетін қаржы нарығы мен
қаржы ұйымдарын мемлекеттік
реттеу, бақылау және қадағалау
саласында мемлекеттік
қызметтер көрсету мәселелері
бойынша

Қазақстан Республикасының
нормативтік құқықтық
актілерінің тізбесіне
2-қосымша

Бағалы қағаздар нарығында
кәсіби қызмет түрлерін жүзеге
асыруға лицензияларды беру,
оларды тоқтата тұру және
олардан айыру қағидаларына
3-қосымша
Нысан

"Бағалы қағаздар нарығында қызметті жүзеге асыруға лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

1	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі.
2	Мемлекеттік қызметтерді көрсету тәсілдері	"Электрондық үкіметтің" www. egov. kz веб-порталы (бұдан әрі - портал).
3	Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдері	лицензия берген кезде – 30 (отыз) жұмыс күнінен кешіктірмей; лицензияны қайта ресімдеген кезде - 3 (үш) жұмыс күні ішінде; көрсетілетін қызметті алушы бөлініп шығу немесе бөлу нысанында қайта ұйымдастырылған жағдайда лицензияны қайта ресімдеген кезде - 30 (отыз) жұмыс күнінен кешіктірмей; лицензияның телнұсқаларын берген кезде – 2 (екі) жұмыс күні ішінде.
4	Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны	Электрондық (толық автоматтандырылған)
5	Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі	Бағалы қағаздар нарығында қызметті жүзеге асыруға лицензия (бұдан әрі – лицензия) беру, лицензияны қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқаларын беру не мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін ұсыну нысаны - электрондық.
6	Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын ақы мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	1) мыналармен айналысу құқығына лицензия беру үшін лицензиялық алым: брокерлік қызмет - 30 (отыз) айлық есептік көрсеткіш (бұдан әрі - АЕК); дилерлік қызмет - 30 (отыз) АЕК; инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызмет - 30 (отыз) АЕК; кастодиандық қызмет - 30 (отыз) АЕК; трансфер-агенттік қызмет - 10 (он) АЕК; бағалы қағаздармен және өзге де қаржы құралдармен сауда-саттықты ұйымдастыру жөніндегі қызмет - 10 (он) АЕК; қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша клиринг қызметі - 40 (қырық) АЕК; 2) лицензияны қайта ресімдеу үшін лицензиялық алым осы тармақтың 1) тармақшасында белгіленген тиісті мөлшерлеменің 10 (он) пайызын құрайды; 3) лицензияның телнұсқасын беру үшін лицензиялық алым осы тармақтың 1) тармақшасында белгіленген тиісті мөлшерлеменің 100 (бір жүз) пайызын құрайды. Лицензиялық алымды төлеу қолма-қол ақша немесе қолма-қол ақшасыз нысанда екінші деңгейдегі банктер немесе банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар, сондай-ақ қолма-қол ақшасыз нысанда "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы жүзеге асырылады.

7 Жұмыс кестесі	<p>1) уәкілетті орган – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен дүйсенбіден бастап жұма аралығында сағат 9.00-ден бастап 18.30-ға дейін белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес;</p> <p>2) портал – жөндеу жұмыстарының жүргізілуіне байланысты болатын техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері өтініш жасаған кезде Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).</p>
	<p>Мемлекеттік қызметті көрсету үшін (лицензия алу үшін) қажетті құжаттар тізбесі:</p> <p>1) Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көрсетілетін қызметті алушының уәкілетті адамының ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы өтініш;</p> <p>2) "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы төлем жасау жағдайларын қоспағанда, лицензиялық алымның төленгені туралы құжаттың электрондық көшірмесі;</p> <p>3) көрсетілетін қызметті алушының жарғылық капиталының ең аз мөлшерінің төленгенін растайтын құжаттардың электрондық көшірмелері;</p> <p>4) құжаттарды ұсыну күнінің алдындағы күнгі жағдай бойынша Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес электрондық құжат нысанында акционер (қатысушы) туралы мәліметтер (заңды тұлға үшін) және Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша акционер (қатысушы) туралы мәліметтер (жеке тұлға үшін);</p> <p>5) Қазақстан Республикасының бейрезиденті көрсетілетін қызметті алушының қатысушысы (акционері) шет мемлекеттің заңнамасы бойынша заңды тұлға болып табылатынын куәландыратын және бейрезидент заңды тұлғаны тіркеген орган, тіркеу нөмірі, тіркеу күні мен орны туралы ақпарат қамтылған, мемлекеттік тілде және орыс тілінде нотариат куәландырған аудармасы бар сауда тізілімінен заңды үзінді көшірме немесе басқа да заңды құжаттың электрондық көшірмесі;</p> <p>6) Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20248 тіркелген, Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2020 жылғы 30 наурыздағы № 43 қаулысымен бекітілген Мінсіз іскерлік беделінің болмауы өлшемшарттарын қоса алғанда, қаржы ұйымдарының, банк, сақтандыру холдингтерінің, "Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры" акционерлік қоғамының басшы қызметкерлерін тағайындауға (сайлауға) келісім беру қағидаларына және келісім алу үшін қажетті құжаттар тізбесіне сәйкес басшы қызметкерлерді келісу үшін ұсынылатын құжаттардың электрондық көшірмелері;</p> <p>7) электрондық құжат нысандағы қызметкерлердің тегі, аты және болған кезде әкесінің аты, олардың атқаратын лауазымдарн көрсетілген штаттық кесте;</p> <p>8) электрондық құжат нысандағы бағалы қағаздар нарығындағы қызметті жүзеге асыру функциясы жүктелетін құрылымдық бөлімшелер туралы ереже;</p> <p>9) көрсетілетін қызметті алушыда бағалы қағаздар нарығында Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметті жүзеге асыруға қажетті бағдарламалық-техникалық құралдардың және өзге де жабдықтардың болуын растайтын мынадай құжаттардың электрондық көшірмелері: жабдықты жеткізу шартының; жабдықты қабылдау-өткізу актісінің; лицензиялардың санын көрсете отырып, бағдарламалық қамтамасыз етуді әзірлеу және (немесе) жеткізу шартының; бағдарламалық қамтамасыз етуді қабылдау-өткізу актісінің; қорғау мен қауіпсіздікті ұйымдастыру бойынша құжаттардың (ақпаратты резервтеу тәртібінің сипаты, деректерге қолжетімділікті бөлу тетіктерінің сипаты, қалпына келтіру жоспары, ішкі бақылау тетіктері) көшірмелері қажетті.</p>

8 Мемлекеттік қызмет көрсетуге қажетті құжаттардың тізбесі

Көрсетілетін қызметті алушы бағдарламалық өнімді дербес әзірлеген не басқа адам көрсетілетін қызметті алушыға бағдарламалық өнімді ақысыз берген жағдайда, осы тармақшаның екінші, үшінші, төртінші, бесінші абзацтарында көрсетілген құжаттар ұсынылмайды;

Ұсынылған құжаттарда мынадай ақпарат көрсетіледі: пайдаланылатын бағдарламалық қамтамасыз етудің атауы (серверлік операциялық жүйелер, дерекқорды басқару жүйелері), нұсқалар, лицензияның бар екендігі туралы мәліметтер;

10) электрондық құжат нысандағы өтініш берудің алдындағы соңғы тоқсанның соңындағы көрсетілетін қызметті алушының бухгалтерлік балансы;

11) ағымдағы жылы құрылған акционерлік қоғамдарды қоспағанда, көрсетілетін қызметті алушының атқарушы органының бірінші басшысы және оның бас бухгалтері қол қойған, аудиторлық есеппен расталған көрсетілетін қызметті алушының соңғы аяқталған жылғы қаржылық есептілігінің электрондық көшірмесі;

12) Директорлар кеңесі бекіткен жақын арадағы үш жылға арналған электрондық құжат нысанындағы бизнес-жоспар (акционерлік қоғамнан басқа, өзге ұйымдық - құқықтық нысанда құрылған трансфер-агенттің бизнес-жоспарын заңды тұлғаның атқарушы органы бекітеді, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банк филиалының бизнес - жоспары Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкінің шешімімен бекітіледі).

Бизнес-жоспарда мынадай мәселелер көрсетіледі: лицензия алу мақсаттары; қызметтің негізгі бағыттарының сипаттамасы және көрсетілетін қызметті алушы бағдарланған нарық сегментіне шолу; қызмет шеңберінде болжанатын көрсетілетін қызметтер, оларды бағалау тәртібі туралы ақпарат, сондай-ақ оларды сатудың шарттары мен көлемі бойынша жоспарлар;

қызметке байланысты негізгі тәуекелдер, оларды бағалау және меншікті капитал есебінен өтеу тәсілдері, меншікті капитал жеткіліктілігінің мәні, тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау рәсімдері туралы ақпарат; қаржы жоспары, оның ішінде алғашқы үш қаржы (операциялық) жылындағы кірістер мен шығыстар болжамы, көрсетілген кезең үшін жол берілетін шығындылық коэффициенттері; инвестициялық саясат, компания қызметін қаржыландыру көздері; инвестициялық комитет пен ішкі аудит қызметін қоса алғанда, өтініш берушінің ұйымдық құрылымы, корпоративтік басқару рәсімдерін іске асыру тәсілдерінің сипаттамасы, сондай-ақ мамандардың білім деңгейіне қойылатын талаптар;

13) сауда-саттықты ұйымдастырушының көрсетілетін қызметтерін пайдаланатын субъектілермен өзара қарым-қатынасын айқындайтын бағалы қағаздармен және өзге де қаржы құралдарымен сауданы ұйымдастыру жөніндегі қызметті жүзеге асырудың электрондық құжат нысанындағы ішкі қағидалары (бағалы қағаздармен және өзге де қаржы құралдарымен сауданы ұйымдастыру жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия алуға үміткер көрсетілетін қызметті алушылар үшін);

14) клиринг ұйымының көрсетілетін қызметтерін пайдаланатын субъектілермен өзара қарым-қатынасын айқындайтын қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша клиринг қызметін жүзеге асырудың ішкі қағидалары (қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша клиринг қызметін жүзеге асыруға лицензия алуға үміткер көрсетілетін қызметті алушылар үшін) электрондық құжат нысанында.

Бағалы қағаздар нарығында кәсіби қызмет түрлерін жүзеге асыруға лицензиясы бар заңды тұлғалар бағалы қағаздар нарығында қосымша қызмет түрін жүзеге асыруға лицензия алу үшін осы тармақтың бірінші бөлігінің 1), 2), 8) және 12) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды ұсынады. Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген сауда-саттықты ұйымдастырушы қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша клирингтік қызметті жүзеге асыруға лицензия алу үшін осы

тармақтың бірінші бөлігінің 1), 2), 13) және 14) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды ұсынады. Бағалы қағаздар нарығында кәсіби қызмет түрлерін жүзеге асыруға лицензия алу үшін банк, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкiнiң филиалы, ислам банкi, Қазақстан Республикасының бейрезидентi-ислам банкiнiң филиалы уәкiлеттi органға Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша осы тармақтың бірінші бөлігінің 2), 7), 8), 9), 12) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды қоса бере отырып, бағалы қағаздар нарығында қызметтi жүзеге асыруға лицензия беру туралы өтiнiш бередi. "Өмiрдi сақтандыру" саласындағы қызметтi жүзеге асыратын сақтандыру ұйымы бағалы қағаздар нарығында инвестициялық портфельдi басқару жөнiндегi қызметтi жүзеге асыруға лицензия алу үшін мемлекеттiк қызмет көрсету үшін уәкiлеттi органға осы тармақтың бірінші бөлігінің 1), 2), 8) және 9) тармақшаларында көрсетiлген құжаттарды, сондай-ақ Нормативтiк құқықтық актiлердi мемлекеттiк тiркеу тiзiлiмiнде № 17462 болып тiркелген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкi Басқармасының 2018 жылғы 27 тамыздағы № 198 қаулысымен бекiтiлген, Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары үшін тәуекелдердi басқару және iшкi бақылау жүйесiн қалыптастыру қағидаларына сәйкес тәуекелдердi басқару жүйесiнiң жұмыс iстеуiн айқындайтын оның құрамы туралы мәлiметтердi және iшкi қағидаларды қоса алғанда, инвестициялық комитет туралы ереженi электрондық құжаттар нысанында ұсынады. Мемлекеттiк қызметтi көрсету үшін қажеттi құжаттардың тiзбесi (лицензияның телнұсқасын алу үшін (егер бұрын берiлген лицензия қағаз нысанда ресiмделген б о л с а)) :

1) көрсетiлетiн қызметтi алушының ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы с ұ р а у с а л у ;

2) "электрондық үкiметтiң" төлем шлюзi арқылы төленген жағдайларды қоспағанда , лицензиялық алымды төлеу туралы құжаттың электрондық көшiрмесi. Мемлекеттiк қызметтi көрсету үшін қажеттi құжаттардың тiзбесi (лицензияны қ а й т а р е с i м д е у ү ш i н) :

1) Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көрсетiлетiн қызметтi алушының ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы өтiнiш;

2) "электрондық үкiметтiң" төлем шлюзi арқылы төленген жағдайларды қоспағанда , лицензиялық алымды төлеу туралы құжаттың электрондық көшiрмесi;

3) мемлекеттiк ақпараттық жүйелерде қамтылған құжаттарды қоспағанда, лицензияны қайта ресiмдеу үшін негiз болған өзгерiстер туралы ақпаратты қамтитын құжаттардың көшiрмелерi (құжаттардың электрондық көшiрмелерi түрiнде). Уәкiлеттi орган құжаттарда көрсетiлген мәлiметтердi "электрондық үкiмет " шлюзi арқылы тиiстi мемлекеттiк ақпараттық жүйелерден:

Қазақстан Республикасының резидентi-жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын, Қазақстан Республикасының резидентi-жеке тұлғада алынбаған немесе өтелмеген соттылығының жоқтығын растайтын құжаттар;

Қазақстан Республикасының резидентi-занды тұлғаны мемлекеттiк тiркеу (қайта тiркеу) туралы мәлiметтердi алады.

Мемлекеттiк қызмет көрсетуден бас тарту үшін негiздер:
 1) Қазақстан Республикасының заңдарында заңды тұлғалардың осы санаты үшін қызмет түрiмен айналысуға тыйым салынуы;
 2) қызмет түрiне лицензия беруге өтiнiш берiлген жағдайда қызметтiң жекелеген түрлерiмен айналысу құқығы үшін лицензиялық алымның енгiзiлмеуi;
 3) көрсетiлетiн қызметтi алушы "Бағалы қағаздар рыногы туралы" 2003 жылғы 2 шiлдедегi Қазақстан Республикасының Заңның 48-бабының 1-тармағында белгiленген бiлiктiлiк талаптарына сәйкес келмеуi;
 4) көрсетiлетiн қызметтi алушыға қатысты лицензиялауға жататын қызметтi немесе жекелеген қызмет түрлерiн тоқтата тұру немесе оларға тыйым салу туралы заңды күшiне енген сот шешiмiнiң (үкiмiнiң) болуы;

Қазақстан Республикасының заңнамасында белгiленген мемлекеттiк қызмет

көрсетуден бас тарту үшін негіздер	5) сот орындаушысының ұсынуы негізінде соттың көрсетілетін қызметті алушы-борышкерге лицензия беруге уақытша тыйым салуы. Лицензияны қайта ресімдеуден бас тартуға: қызметтің жекелеген түрлерімен айналысу құқығына лицензияны қайта ресімдеу кезінде лицензиялық алым төленбеген; осы Стандарттың 8-тармағының бесінші бөлігінде көрсетілген құжаттар тиісінше ресімделмеген жағдайлар негіз болып табылады.
10 Мемлекеттік қызметті көрсету ерекшеліктері ескерілген өзге де талаптар	Лицензияның телнұсқаларын беру кезінде қызметтің жекелеген түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алымды төлемеу лицензияның телнұсқасын беруден бас тарту үшін негіз болып табылады. Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары және мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі анықтамалық қызметтердің байланыс телефондары уәкілетті органның ресми интернет-ресурсында орналастырылған. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде порталдағы " жеке кабинеті", сондай-ақ мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі Бірыңғай байланыс орталығы арқылы алу мүмкіндігі бар. Порталда іркілістер не техникалық ақаулар анықталған жағдайда мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығына жүгіну қ а ж е т . Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы : 8-800-080-7777 немесе 1414.

Өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау саласында мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша

Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің тізбесіне 3-қосымша

Бағалы қағаздар нарығында кәсіби қызмет түрлерін жүзеге асыруға лицензияларды беру, оларды тоқтата тұру және олардан айыру қағидаларына 9-қосымша

Нысан

**Қазақстан Республикасының Елтаңбасы Уәкілетті органның толық атауы
Қазақстан Республикасының банк заңнамасында көзделген банк операцияларын және өзге де операцияларды жүргізуге және бағалы қағаздар нарығында қызметті жүзеге асыруға лицензия**

Лицензия нөмірі _____ Берілген күні " ____ " _____ жыл

(банктің, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкі филиалының атауы)

Осы лицензия операциялардың (ұлттық және (немесе) шетел валютасында) мына түрлерін):

банк операцияларын жүргізуге;

Қазақстан Республикасының банк заңнамасында көзделген өзге де операцияларды жүргізуге

бағалы қағаздар нарығындағы қызметті жүзеге асыруға құқық береді:

_____;

Банк операцияларын және Қазақстан Республикасының банк заңнамасында көзделген өзге де операцияларды жүргізуге бірінші рет алынған лицензия туралы деректер:

(лицензия берген мемлекеттік органның нөмірі, күні, атауы)

бағалы қағаздар нарығындағы қызметті жүзеге асыруға _____

(лицензия берген мемлекеттік органның нөмірі, күні, атауы)

Төраға

(Төрағаның орынбасары) _____

(қолы немесе электрондық цифрлық қолтаңбасы) (инициалы, тегі)

Мөр орны (қағаздағы нысан үшін)

Алматы қаласы

Өзгерістер мен толықтырулар
енгізілетін қаржы нарығы мен
қаржы ұйымдарын мемлекеттік
реттеу, бақылау және қадағалау
саласында мемлекеттік
қызметтер көрсету мәселелері
бойынша
Қазақстан Республикасының
нормативтік құқықтық
актілерінің тізбесіне
4-қосымша

Бағалы қағаздар нарығында
кәсіби қызмет түрлерін жүзеге
асыруға лицензияларды беру,
оларды тоқтата тұру және
олардан айыру қағидаларына
10-қосымша
Нысан

**Қазақстан Республикасының Елтаңбасы Уәкілетті органның толық атауы
Ислам банкті, Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банктінің
филиалдары жүзеге асыратын банк операцияларын және өзге де операцияларды
жүргізуге, және бағалы қағаздар нарығында қызметті жүзеге асыруға лицензия**

Лицензия нөмірі _____

Берілген күні " ____ " _____ жыл

(ислам банктінің, Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банкті
филиалының атауы)

Осы лицензия:

"Қазақстан Республикасындағы банкті және банк қызметі туралы" 1995 жылғы 31 тамыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 52-5-бабының 1 және 4-тармақтарына сәйкес ислам банктінің, Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банкті филиалдарының банк операцияларын (ұлттық және (немесе) шетел валютасында) жүргізуіне:

"Қазақстан Республикасындағы банкті және банк қызметі туралы" 1995 жылғы 31 тамыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 30-бабына сәйкес ислам банктінің және Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банкті филиалдарының банк операцияларын және өзге де операцияларды (ұлттық және (немесе) шетел валютасында) жүргізуге:

банк операцияларын :

өзге де операцияларды жүргізуге:

бағалы қағаздар нарығында қызметті жүзеге асыруға құқық береді:

Ислам банктері, Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банктерінің филиалдары жүзеге асыратын банк операцияларын және өзге де операцияларды жүргізуге бірінші рет алынған лицензия туралы деректер _____

(нөмірі, күні, лицензия берген мемлекеттік органның атауы)

ислам банктері, Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банктерінің филиалдары жүзеге асыратын банк операцияларын және өзге операцияларды жүргізуге және бағалы қағаздар нарығында қызметті жүзеге асыруға құқық береді:

(нөмірі, күні, лицензия берген мемлекеттік органның атауы)

Төраға

(Төрағаның орынбасары) _____

(қолы немесе электрондық цифрлық қолтаңбасы) (инициалы, тегі)

Мөр орны (қағаздағы нысан үшін)

Алматы қаласы

Өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау саласында мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша
Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің тізбесіне 5-қосымша
Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктері филиалдарының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокерлері филиалдарының басшы қызметкерлеріне қойылатын талаптарды, мінсіз іскерлік беделінің болмауы өлшемшарттарын және келісім

алу үшін қажетті құжаттар тізбесін қоса алғанда, қаржы ұйымдарының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктері филиалдарының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының, Қазақстан Республикасының бейрезидент- сақтандыру брокерлері филиалдарының, банктік, сақтандыру холдингтерінің, "Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры" акционерлік қоғамының басшы қызметкерлерін тағайындауға (сайлауға) келісім беру қағидаларына
2-қосымша

"Қаржы ұйымдарының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктері филиалдарының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокерлері филиалдарының, банктік, сақтандыру холдингтерінің, "Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры" акционерлік қоғамының басшы қызметкерлерін тағайындауға (сайлауға) келісім беру" мемлекеттік қызмет стандарты

1.	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі (бұдан әрі - уәкілетті орган).
2.	Мемлекеттік қызметтерді көрсету тәсілдері	"Электрондық үкіметтің" www.egov.kz веб-порталы (бұдан әрі - портал).
3.	Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі	Көрсетілетін қызметті алушы порталға құжаттар топтамасын толық берген күннен бастап 30 (отыз) жұмыс күні ішінде.
4.	Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны	Электрондық (толық автоматтандырылған)/ "бір өтініш" қағидаты бойынша көрсетілген.
5.	Мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесі	Көрсетілетін қызметті алушының мекенжайына көрсетілетін қызметті алушының басшы қызметкерлерінің лауазымына кандидаттарды келісу нәтижелері туралы мәлімет бар хат не осы мемлекеттік қызмет стандартының 9-тармағында көзделген негіздер бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін беру нысаны - электрондық.
		А л ы м м ө л ш е р л е м е с і : 1) банктердің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының, сақтандыру

<p>6. Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын ақы мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері</p>	<p>брокерінің, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктері филиалдарының, Қазақстан Республикасы березидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының, Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру брокерлері филиалдарының, холдингтің, Қордың басшы қызметкерлерін тағайындауға (сайлауға) келісім берген кезде - 25 (жиырма бес) айлық есептік көрсеткіш; 2) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының, ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларының, бағалы қағаздар нарығында қызметті жүзеге асыруға лицензия алуға үміткер немесе лицензиясы бар заңды тұлғалардың, орталық депозитарийдің және бірыңғай оператордың басшы қызметкерлерін тағайындауға (сайлауға) келісім берген кезде - қызмет тегін көрсетіледі. Алымды төлеу екінші деңгейдегі банктер, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктерінің филиалдары немесе банк қызметінің жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арқылы қолма-қол ақша немесе қолма-қол емес ақша түрінде, сондай-ақ "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы қолма-қол емес ақша нысанында жүзеге асырылады.</p>
<p>7. Жұмыс работы</p>	<p>1) уәкілетті орган - Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Еңбек кодексіне (бұдан әрі - Кодекс) сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа дүйсенбі мен жұма аралығында белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін; 2) портал - тәулік бойы, жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, Кодекске сәйкес демалыс және мереке күндері өтініш білдірген кезде өтініштерді қабылдау және мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).</p>
<p>8. Мемлекеттік қызмет көрсетуге қажетті құжаттардың тізбесі</p>	<p>1) Қағидалардың 11-тармағын сәйкес ресімделген электрондық құжат нысанындағы ө т і н і ш х а т ; 2) "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы төлеу жағдайларын қоспағанда, алымның төленгенін растайтын құжаттың электрондық көшірмесі (алымды төлеу Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда); 3) акционерлік қоғамның ұйымдастырушылық-құқықтық нысанында құрылған көрсетілетін қызметті алушының басқару органының кандидаттың өзге ұйымда жұмыс істеуіне келісім беруі туралы шешімінің үзінді көшірмесінің электрондық көшірмесі (көрсетілетін қызметті алушының атқарушы органы мүшелігіне кандидат басқа ұйымда жұмыс істеген жағдайда). Бұл құжат, егер ол Қағидалардың 6-тармағының талаптарына сәйкес уәкілетті органның кандидатты келісу туралы өтінішхаты берілгенге дейін ұсынылған басшы қызметкерлердің құрамының өзгергені туралы хабарламаға қоса берілген жағдайда, ұсынуға жатпайды; 4) қаржы ұйымында, холдингте, Қорда жұмыс істеуге кандидатқа келісім беру туралы акционерлік қоғамның басқару органының шешімінен үзінді-көшірменің электрондық көшірмесі (кандидат акционерлік қоғамның атқарушы органының м ү ш е с і б о л ғ а н ж а ғ д а й д а) ; 5) Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша басшы қызметкер лауазымына кандидат туралы мәліметтердің электрондық көшірмесі; 6) азаматы болып табылатын елінде (шетелдіктер үшін) немесе тұрақты тұратын елде (азаматтығы жоқ адамдар үшін) азаматы болып табылатын елдің (азаматтығы жоқ адамдар үшін - тұрақты тұратын елі) немесе кандидат соңғы 15 (он бес) жыл бойы тұрған елдің мемлекеттік органы берген қылмыстар үшін алынбаған немесе өтелмеген соттылықтың болмауы туралы құжаттың электрондық көшірмесі. Көрсетілген құжатты беру күні өтінішхат беру күніне дейінгі 3 (үш) айдан аспайды (көрсетілген құжатта оның қолданылуының өзгеше мерзімі көрсетілген ж а ғ д а й л а р д ы қ о с п а ғ а н д а) . Егер алынбаған немесе өтелмеген соттылығының болмауы туралы мәліметтерді растауға уәкілетті мемлекеттік орган елінің заңнамасында көрсетілген мәліметтер сұратылатын адамдарға қатысты растау құжаттарын беру көзделмеген болса, онда</p>

тиісті растама азаматы болып табылатын елдің (шетелдіктер үшін) немесе тұрақты тұратын елдің (азаматтығы жоқ адамдар үшін) мемлекеттік органының хатымен уәкілетті органның атына жіберіледі;

7) Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен берілген кәсіби бухгалтер сертификатының электрондық көшірмесі (бас бухгалтер лауазымына кандидат үшін);

8) бухгалтерлердің аккредиттелген кәсіби ұйымына мүшелігін растайтын құжаттың электрондық көшірмесі (бас бухгалтер лауазымына кандидат үшін);

9) кандидаттың жеке басын куәландыратын құжаттың электрондық көшірмесі (шетелдіктер, азаматтығы жоқ адамдар үшін);

10) кандидатты тағайындау (сайлау), басшы лауазымға ауыстыру туралы құжаттың электрондық көшірмесі (Қағидалардың 6-тармағының талаптарына сәйкес басшы қызметкерлер құрамының өзгергені туралы уәкілетті органға хабарлағанға дейін кандидатты келісу туралы өтінішхат берген жағдайда).

Уәкілетті орган тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден құжаттарда көрсетілген ақпаратты "электрондық үкімет" шлюзі арқылы алады: Қазақстан Республикасының резиденті - жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын ;

Қазақстан Республикасының резиденті жеке тұлғасынан алынбаған немесе өтелмеген соттылығының жоқтығын растайтын құжат.

1) басшы қызметкерлердің "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" 1995 жылғы 31 тамыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабында, "Сақтандыру қызметі туралы" 2000 жылғы 18 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 16-2 және 34-баптарында, "Акционерлік қоғамдар туралы" 2003 жылғы 13 мамырдағы Қазақстан Республикасы Заңының 1-бабының 20) тармақшасында, 54-бабының 4-тармағында, 59-бабының 2-тармағында, "Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры туралы" 2003 жылғы 3 маусымдағы Қазақстан Республикасы Заңының 4-1-бабында, "Бағалы қағаздар нарығы туралы" 2003 жылғы 2 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 54-бабында және 63-бабының 5-тармағында, "Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы" 2007 жылғы 28 ақпандағы Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабында, "Қазақстан Республикасындағы зейнетақымен қамсыздандыру туралы" 2013 жылғы 21 маусымдағы Қазақстан Республикасы Заңының 55-бабында немесе осы Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;

2) тестілеудің теріс нәтижелері;

3) көрсетілетін қызметті алушы уәкілетті органның ескертулерін жоймауы немесе осы көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет стандартының 3-тармағында белгіленген мерзім аяқталғаннан кейін уәкілетті органның ескертулерімен пысықталған құжаттарды ұсынуы;

4) заңды тұлға сақтандыру және (немесе) банк холдингі мәртебесін алған кезде сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және (немесе) банктің акцияларын сатып алған күннен бастап немесе ол тағайындалған (сайланған, тиісті функциялар берілген) күннен бастап күнтізбелік 60 (алпыс) күн өткеннен кейін кандидатты келісуге құжаттарды ұсынуы ;

5) уәкілетті органда кандидаттың бағалы қағаздар нарығында айла-шарғы жасау мақсатында аяқталған деп танылған және (немесе) үшінші тұлғаға (тұлғаларға) залал келтірген мәміле тарабы болғандығы туралы мәліметтердің (фактілердің) болуы .

Бұл талап көрсетілген оқиғалардың неғұрлым ертерек басталған күнінен бастап бір жыл ішінде қолданылады :

уәкілетті органның ұйымдастырылған және (немесе) ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар нарықтарында жасалған мәмілені айла-шарғы жасау мақсатында жасалған деп таныуы ;

уәкілетті органның аталған мәмілені жасау нәтижесінде үшінші тұлғаға (тұлғаларға

9. Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту негіздері

) келтірілген залалды растайтын фактілерді алуы;
6) уәкілетті органда оған қатысты бағалы қағаздар нарығында айла-шарғы жасау мақсатында жасалған деп танылған мәмілені жасағаны үшін уәкілетті орган 2014 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 259-бабында көзделген қадағалау шараларын қолданған және (немесе) әкімшілік құқық бұзушылық үшін әкімшілік жаза қолданылған қаржы ұйымының қызметкері болып табылғаны туралы және (немесе) іс-әрекеттері қаржы ұйымына және (немесе) осы мәмілеге қатысушы үшінші тұлғаға (тұлғаларға) залал келтірген қаржы ұйымының қызметкері болып табылғаны туралы мәліметтердің б о л у ы .

Бұл талап аталған оқиғалардың неғұрлым ертерек басталған күнінен бастап бір жыл ішінде қолданылады : уәкілетті органның ұйымдастырылған және (немесе) ұйымдастырылмаған нарықтарда жасалған мәмілені айла-шарғы жасау мақсатында жасалған деп тануы; уәкілетті органның қаржы ұйымына және (немесе) үшінші тұлғаға (тұлғаларға) осы мәмілені жасау нәтижесінде келтірілген залалды растайтын фактілерді алуы. Осы тармақшаның мақсаттары үшін оның құзыретіне жоғарыда көрсетілген бұзушылықтар бойынша шешім қабылдау кіретін басшы қызметкер не оның міндеттерін атқарған адам және (немесе) биржалық трейдер қаржы ұйымының қызметкері деп түсініледі . Осы тармақтың 5) және 6) тармақшаларында көрсетілген мәліметтерге, оның ішінде уәкілетті орган Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкi, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы, Қазақстан республикасының бейрезидент-сақтандыру брокері резиденті болып табылатын мемлекеттік қаржылық қадағалау органынан алған мәліметтер жатады.

Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары мен мемлекеттік көрсетілетін қызмет мәселелері бойынша анықтама қызметтерінің байланыс телефондары уәкілетті органның ресми интернет-ресурсында орналастырылған. Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызмет тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты порталдың “жеке кабинеті” арқылы қашықтан қолжеткізу режимінде, сондай-ақ мемлекеттік көрсетілетін қызмет мәселелері бойынша Бірыңғай байланыс орталығынан алу мүмкіндігіне ие. Порталда іркілістер не техникалық қателер анықталған жағдайда мемлекеттік көрсетілетін қызмет мәселелері бойынша Бірыңғай байланыс орталығына жүгіну қ а ж е т .

Бірыңғай байланыс орталығы: 8-800-080-7777 немесе 1414. Ақпараттық жүйеде іркіліс болған жағдайда уәкілетті орган бір жұмыс күні ішінде "электрондық үкімет" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының операторына (бұдан әрі - оператор) хабарлайды. Мұндай жағдайда оператор аталған мерзім ішінде техникалық проблема туралы хаттама жасайды және оған уәкілетті органмен бірге қол қояды. Көрсетілетін қызметті алушының банк, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкінің филиалын, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының филиалын, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокерінің филиалын ашуға рұқсат алуы шеңберінде көзделген банктің немесе банк холдингінің, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкi филиалының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокері филиалының басшы қызметкерлерін тағайындауға (сайлауға) келісім беруді көрсетілетін қызметті беруші бір өтініш негізінде бірнеше мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді жиынтықта көрсетуді көздейтін "бір өтініш" қағидаты бойынша жүзеге асырады. Көрсетілетін қызметті алушының сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының құруға рұқсат алуы шеңберінде көзделген сақтандыру (қайта сақтандыру)

10 Мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып, өзге де талаптар

ұйымының немесе сақтандыру холдингінің басшы қызметкерлерін тағайындауға (сайлауға) келісім беруді көрсетілетін қызметті беруші бір өтініш негізінде бірнеше мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді жиынтықта көрсету мүмкіндігін көздейтін " бір өтініш" қағидаты бойынша жүзеге асырады.

Өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау саласында мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша

Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің тізбесіне
6-қосымша

Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктері филиалдарының, Қазақстан Республикасының бейрезидент- сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының,

Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокерлері филиалдарының басшы қызметкерлеріне қойылатын талаптарды, мінсіз іскерлік беделінің болмауы өлшемшарттарын және келісім алу үшін қажетті құжаттар тізбесін қоса алғанда, қаржы ұйымдарының,

Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктері филиалдарының,

Қазақстан Республикасының бейрезидент- сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының,

Қазақстан Республикасының бейрезидент- сақтандыру брокерлері филиалдарының, банктік, сақтандыру холдингтерінің, "Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры" акционерлік қоғамының басшы қызметкерлерін тағайындауға (сайлауға) келісім беру қағидаларына

3-қосымша

Нысан

фотография
3x4

Басшы қызметкер лауазымына кандидат туралы мәліметтер

(қаржы ұйымының, холдингтің, Қордың атауы)

(тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса), лауазымы)

1. Жалпы мәліметтер:

Туған күні мен жері
Азаматтығы
Жеке басын куәландыратын құжаттың деректері, жеке сәйкестендіру нөмірі (бар болса)

2. Білімі:

№	Оқу орнының атауы	Түскен жылы - аяқтаған жылы	Мамандығы	Білімі туралы дипломның деректемелері (бар болса күні мен нөмірі)
1	2	3	4	5

3. Жұбайы (зайыбы), жақын туыстары (ата-анасы, аға-інісі, әпке-сіңлісі, балалары) және жекжаты (жұбайының (зайыбының) ата-анасы, аға-інісі, әпке-сіңлісі, балалары) туралы мәліметтер:

№	Тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса)	Туған жылы	Туыстық қатынасы	Жұмыс орны мен лауазымы
1	2	3	4	5

4. Кандидат оған қатысты ірі акционер болып табылатын не мүлікте тиісті үлеске құқығы бар заңды тұлғалар туралы мәліметтер:

№	Заңды тұлғаның атауы және орналасқан жері	Заңды тұлға қызметінің жарғылық түрлері	Заңды тұлғаның жарғылық капиталына қатысу үлесі немесе кандидатқа тиесілі акциялары санының дауыс беретін акцияларының жалпы санына арақатынасы (пайызбен)*
1	2	3	4

Ескертпе: * 4-бағанда сенімгерлік басқарудағы кандидаттың акцияларын (үлесін) ескере отырып акцияларды (үлесті), сондай-ақ кандидат өзге адамдармен жиынтықта иелену нәтижесінде ірі қатысушы болып табылатын акциялар (үлес) санын көрсету қажет.

5. Еңбек қызметі туралы мәліметтер.

Осы тармақта кандидаттың бүкіл еңбек қызметі (сондай-ақ басқару органында мүшелігі), оның ішінде уәкілетті органға келісу туралы өтінішхатты берген қаржы ұйымындағы, холдингтегі, Қордағы лауазымын көрсете отырып, жоғарғы оқу орнын

аяқтаған кезден бастап еңбек қызметі туралы мәліметтер, сондай-ақ кандидат еңбек қызметін жүзеге асырмаған кезең де көрсетіледі.

№	Жұмыс кезеңі*	Жұмыс орны**	Лауазымы	Тәртіптік жаза қолданудың болуы	Жұмыстан шығарылу, лауазымнан босатылу себептері	Өзге мәліметтер**
1	2	3	4	5	6	7

Ескертпе: * қаржы ұйымдарында (оның ішінде сол елдің заңнамасы шеңберінде қаржы қызметін жүзеге асыру бойынша өкілеттіктері бар Қазақстан Республикасының бейрезидент қаржы ұйымдары), банк немесе сақтандыру холдингтерінде, Қорда, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктері филиалдарының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокерлері филиалдарының басшы қызметкерлеріне қойылатын талаптарды, мінсіз іскерлік беделінің болмауы өлшемшарттарын және келісім алу үшін қажетті құжаттар тізбесін қоса алғанда, қаржы ұйымдарының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктері филиалдарының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокерлері филиалдарының, банктік, сақтандыру холдингтерінің, "Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры" акционерлік қоғамының басшы қызметкерлерін тағайындауға (сайлауға) келісім беру қағидаларының 8-тармағында көрсетілген халықаралық қаржы ұйымдарының біреуінде, аудиторлық ұйымдарда, қаржы қызметтерін және (немесе) қаржы ұйымдарына аудит жүргізу жөніндегі қызметті реттеуді жүзеге асыратын уәкілетті органдарда және өзге де мемлекеттік органдарда (басқарма мүшесі, бірінші басшы немесе бірінші басшының орынбасары, мемлекеттік органның жауапты хатшысы лауазымында), сондай-ақ қаржы ұйымдарының басқару органдарындағы (оның ішінде сол елдің заңнамасы шеңберінде қаржы қызметін жүзеге асыру бойынша өкілеттіктері бар Қазақстан Республикасының бейрезидент қаржы ұйымдары), банк немесе сақтандыру холдингтерінде, Қорда мүшелігі туралы мәліметтер, күні, айы, жылы көрсетіледі. Қалған жағдайларда жылы көрсетіледі

** егер қаржы ұйымы Қазақстан Республикасының бейрезиденті болып табылса қаржы ұйымының тіркелген елі көрсетіледі.

*** қаржы ұйымының дербес құрылымдық бөлімшесінің (департаменттің, басқарманың, филиалдың) басшысы (басшының орынбасары) қаржы, басқарушы және (немесе) атқарушы директорының лауазымына орналасқан жағдайда жетекшілік ететін бөлімшелер, осы ұйымда қаржылық қызметтер көрсетуге байланысты мәселелер көрсетіледі;

аудиторлық қызмет саласында реттеуді жүзеге асыратын уәкілетті органда қаржы ұйымдарына аудит жүргізу бойынша қызметті реттеуге қатысты негізгі функционалдық міндеттемелер көрсетіледі.

6. Кандидаттың салықтар бойынша аудитті қоса алғанда, қаржы ұйымдарына аудит жүргізуге қатысу туралы мәліметтер:

(қаржы ұйымының атауы, аудит жүргізу мерзімі, сондай-ақ кандидаттың

аудит жүргізілген қаржылық есепке орындаушы аудитор ретінде (бар болса) қол қойған күні көрсетіледі.

7. Осы ұйымдағы және (немесе) басқа ұйымдардағы инвестициялық комитеттерде мүшелігі туралы мәліметтер:

№	Кезеңі (күні, айы, жылы)	Ұйымның атауы	Лауазымы	Жұмыстан шығарылу, лауазымнан босатылу себептері
1	2	3	4	5

8. Кандидат бұрын қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган банкті төлем жасау қабілеті жоқ банктер санатына жатқызу туралы, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын консервациялау не оның акцияларын мәжбүрлеп сатып алу, оны таратуға және (немесе) қаржы нарығында қызметті жүзеге асыруды тоқтатуға әкелген Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкі филиалының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокері филиалының лицензиясынан айыру туралы шешім қабылдағанға дейінгі не Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкінің филиалын, Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының филиалын, Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру брокерінің филиалын мәжбүрлеп тарату немесе оны Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте банкрот деп тану туралы сот шешімі заңды күшіне енгенге дейінгі бір жылдан аспайтын кезеңде атқарушы органның басшысы, мүшесі (атқарушы органның функцияларын жеке өзі жүзеге асыратын тұлға), Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкі филиалының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокері филиалының бас бухгалтері, жеке тұлға - ірі қатысушы, қаржы ұйымының заңды тұлға болып табылатын ірі қатысушысының (банктік, сақтандыру холдингінің) басшысы болған-болғандығы туралы мәліметтер.

(иә (жоқ), ұйымның атауы, лауазымы, жұмыс кезеңі көрсетілсін)

9. Кандидат бұрын қатарынан төрт және одан да ұзақ кезең ішінде шығарылған эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша купондық сыйақы төлеу бойынша дефолтқа жол берген не дефолт жіберілген шығарылған эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша купондық сыйақы төлеу бойынша берешек сомасы төрт есе және (немесе) купондық сыйақының одан да көп мөлшерін құрайтын не шығарылған эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша негізгі борышты төлеу бойынша дефолт мөлшері ақы төлеу күніне республикалық бюджет туралы заңда белгіленген айлық есептік көрсеткіштен оны мың есе асатын соманы құраған (Қор басшы қызметкерінің лауазымына кандидат толтырмайды) эмитент басқару органының басшысы, мүшесі, атқарушы органның басшысы, мүшесі, қаржы ұйымының бас бухгалтері, жеке тұлға болып табылатын ірі қатысушы (ірі акционер), басқару органының басшысы, мүшесі, атқару органының басшысы, мүшесі, заңды тұлға болып табылатын ірі қатысушы (ірі акционердің) бас бухгалтері

(иә (жоқ), ұйымның атауы, лауазымы, жұмыс кезеңі көрсетілсін)

10. Қаржы ұйымының, холдингтің, Қордың басшысы ретінде қаржы ұйымының, холдингтің, Қор қызметінің мәселелері бойынша сот талқылауларында жауапкер ретінде тартылған-тартылмағандығы

(иә (жоқ), күні, ұйымның атауы,

сот талқылауындағы жауапкердің атауы, қаралған мәселе заңды күшіне енген

сот шешімі көрсетілсін (ол шығарылған жағдайда)

11. Қаржы ұйымдарында, холдингте, Қорда жетекшілік ететін құрылымдық бөлімшелер және құжаттарға қол қоюға өкілетті кандидат туралы мәліметтер, растайтын құжаттарымен қоса беріледі (өзге басшы қызметкер лауазымына кандидат толтырады)

12. Қаржы ұйымдарында, холдингте, Қорда жетекшілік ететін құрылымдық бөлімшелер туралы мәліметтер растайтын құжаттарымен қоса беріледі (қаржы ұйымдарының, холдингтің, Қордың тек қауіпсіздік мәселелеріне және (немесе) әкімшілік-шаруашылық мәселелеріне ғана жетекшілік ететін атқарушы органы мүшесінің лауазымына кандидат толтырады)

13. Тағайындалған (сайланған) күнге дейін үш жыл ішінде сыбайлас жемқорлық қылмысын жасағаны үшін жауапкершілікке және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық үшін тәртіптік жазаға тартылған-тартылмағаны (Қордың басшы қызметкері лауазымына кандидат толтырмайды)

(иә (жок), құқық бұзушылықтың, қылмыстың қысқаша сипаттамасы

жауапкершілікке тарту негіздерін көрсете отырып, тәртіптік жаза қолдану

туралы актінің немесе сот шешімінің деректемелері)

Осы ақпаратты тексергенімді және оның дәйекті және толық екендігін растаймын, сондай-ақ мінсіз іскерлік беделімнің болуын растаймын.

Мемлекеттік қызмет көрсетуге және заңмен қорғалатын, ақпараттық жүйелерде қамтылған мәліметтерді пайдалануға қажетті дербес деректерді жинауға және өңдеуге келісім беремін.

Тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса)

(кандидат баспа қаріптерімен өз қолымен толтырады)

Қолы _____

Қаржы ұйымының, холдингтің, Қордың тәуелсіз директоры лауазымына кандидат толтырады:

Мен, _____

(тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса)

тәуелсіз директор лауазымына тағайындау (сайлау) үшін "Акционерлік қоғамдар туралы" 2003 жылғы 13 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген талаптарға сәйкес келетінімді растаймын.

Қолы _____

Күні _____

Өзгерістер мен толықтырулар
енгізілетін қаржы нарығы мен
қаржы ұйымдарын мемлекеттік
реттеу, бақылау және қадағалау
саласында мемлекеттік
қызметтер көрсету
мәселелері бойынша
Қазақстан Республикасының
нормативтік құқықтық
актілерінің тізбесіне
7-қосымша
Қазақстан Республикасының
бейрезидент-банктері
филиалдарының,
Қазақстан Республикасының
бейрезидент- сақтандыру
(қайта сақтандыру) ұйымдары
филиалдарының,
Қазақстан Республикасының
бейрезидент-сақтандыру
брокерлері филиалдарының

басшы қызметкерлеріне
 қойылатын талаптарды, мінсіз
 іскерлік беделінің болмауы
 өлшемшарттарын және келісім
 алу үшін қажетті құжаттар
 тізбесін қоса алғанда, қаржы
 ұйымдарының,
 Қазақстан Республикасының
 бейрезидент-банктері
 филиалдарының,
 Қазақстан Республикасының
 бейрезидент- сақтандыру
 (қайта сақтандыру) ұйымдары
 филиалдарының,
 Қазақстан Республикасының
 бейрезидент- сақтандыру
 брокерлері филиалдарының,
 банктік, сақтандыру
 холдингтерінің, "Сақтандыру
 төлемдеріне кепілдік беру қоры"
 акционерлік қоғамының басшы
 қызметкерлерін тағайындауға
 (сайлауға) келісім беру
 қағидаларына
 4-қосымша
 Нысан

**Комиссияның қаржы ұйымының, холдингтің, Қордың басшы қызметкері
лауазымына кандидатты _____**

**_____ (қаржы ұйымының, холдингтің, Қордың басшы
қызметкерінің лауазымына кандидаттың тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса)
қарау бойынша)**

№ _____ Хаттама _____ жылғы " ____ "

№	Комиссия Төрағасының тегі, аты әкесінің аты (ол бар болса)	Тестілеуге шақырмай келісу	Тестілеуге жіберу және тестілеу оң нәтижесі болған кезде келісу	Келісуден бас тарту
	Комиссия мүшелерінің тегі, аты әкесінің аты (ол бар болса)			